

НАЗАРБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ ДЕРБЕС БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫ

АКАДЕМИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМАЛАРҒА ЖЫЛ САЙЫНҒЫ МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗУ ҚАҒИДАЛАРЫ

«Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы

Академиялық кеңесінің шешімімен бекітілген

2014 жылғы 26 қарашадағы №15 хаттама



2014

МАЗМҰНЫ

1. Жалпы ережелер	3
2. Жалпы шолу	3
3. Академиялық бағдарламаларды жыл сайынғы мониторингтеудің мақсаттары	4
4. Процесті ұйымдастыру	5
4.1. Есептілік құрылымы	5
4.2. Жауапты тұлғалар мен комитеттер	6
4.2.1. Курс деңгейі	6
4.2.2. Бағдарлама деңгейі	7
4.2.3. Мектеп деңгейі	7
4.2.4. Университет деңгейі	8

1-қосымша. Оқу процесін және академиялық сапаны басқару құрылымы

2-қосымша. Терминология

3-қосымша. Курсты жыл сайынғы мониторингтеу туралы есеп нысанының үлгісі

4-қосымша. Бағдарламаны жыл сайынғы мониторингтеу туралы есеп нысанының үлгісі

5-қосымша. Мектептің академиялық сапасын арттыру туралы есеп нысанының үлгісі

1. Жалпы ережелер

1. “Назарбаев Университеті” дербес білім беру үйымының (бұдан әрі – НУ) академиялық бағдарламаларына жыл сайынғы мониторинг жүргізу қағидалары (бұдан әрі – «Қағидалар») НУ сапасын арттыру тұжырымдамасының¹ шенберінде бағдарламалардың сапасын жыл сайын дәйекті түрде жақсартудың негізгі қағидаттары мен рәсімдерін айқындайды.

2. Жыл сайынғы мониторинг пен академиялық сапаны одан әрі арттыру Болон процесінің шенберінде сапаны қамтамасыз етудің негізін салатын құрамдас белік болып табылады. Еуропалық жоғары білім сапасын қамтамасыз ету қауымдастыры “білім беру үйымдарының академиялық дәрежелерді беру, бағдарламаларға мерзімдік шолу жасау мен мониторинг жүргізу үшін қолданыстағы формальды тетіктері болуы тиістігін”² атап көрсетті.

3. Академиялық бағдарламаларды тұрақты түрде бағалау білім беру процесінің сапасына мол сенімділік артады, сондай-ақ осы процесті жүзеге асырударғы озық тәжірибелі айқындауға мүмкіндік береді. Бұдан басқа, бағдарламаларды жыл сайын мониторингтеу жақсартуды, түрлендіруді және жаңартуды қажет ететін саланы анықтауға мүмкіндік береді және студенттер мен қоғамдастықтың НУ академиялық қағидалары мен рәсімдеріне сенімділікті күштейді. Жыл сайынғы мониторингтеудің қорытындысы бойынша жарияланған баяндамалар академиялық бағдарламаларды жүзеге асыру үшін жауапты оқытушылар құрамына, академиялық басқармаға және студенттерге колжетімді болуы тиіс.

2. Жалпы шолу

4. Академиялық бағдарламаларды жыл сайын мониторингтеудің негізгі мақсаты – барлық оқытулатын бағдарламалар мен олардың құрамдас курсарының “жай-күйін тексеру” арқылы академиялық сапаны қамтамасыз ету; мониторинг сондай-ақ оларды бастапқы бекіткеннен кейін бағдарламалардың сапасына сәйкестігін қолдауға жәрдемдеседі. Мониторингті тиімді жүзеге асыру мақсатында академиялық басқарма бағдарлама деңгейіне ерекше ден қоюға тиіс. Бұл келесіні қамтамасыз етуге мүмкіндік береді:

1) бағдарламаның мақсаттары мен оқыту нәтижелері ойдағыдай іске асырылады.

¹Назарбаев Университеті академиялық сапасының тұжырымдамасы (5/3/2014)

²Еуропалық жоғары білім беру саласында сапаны қамтамасыз ету стандарттары және нұсқаулығы, Хельсинки, Финляндия, 2005.

³Назарбаев Университеті түлегінің атрибуттары, 2013.

2) оқуды аяқтағаннан кейін студенттер Назарбаев Университеті түлегі атрибуттарына³ (бағдарламаны оқыту нәтижелері мен түлек атрибуттарының дәл сәйкес келу салдары ретінде) ие болады.

5. Бағдарламалардың жыл сайынғы мониторингін жүргізу бойынша мектептер қажет болған жағдайда түзету шараларын қабылдай алады, сондай-ақ озық тәжірибелі айқындай және таратады. Мониторинг мыналар:

- 1) алдыңғы оку жылы туындаған проблемалар рефлексиясы;
- 2) студенттердің, оқытушы-профессорлар құрамының, сыртқы сарапшылардың/шолу жасаушылардың көріністерін талдауды жүргізуге мүмкіндік беру;
- 3) анықталған проблемаларға қатысты жоспарланатын іс-қимылдарға көніл бөлу;
- 4) озық тәжірибелі тарату арқылы білім беру қызметтерін көрсету сапасын жақсартудағы тиімді құрал болып табылады.

6. Бағдарламаның деңгейі талдаудың ең басты аясы болғандықтан, мектеп пен университет шегінде курс деңгейінде туындаған проблемалар да айқындалып, шешілуі, ал ең озық тәжірибе тиісінше білім беру мекемесінде таратылуы тиіс.

7. 1-қосымша бағдарлама деңгейінде және НУ-да сапаны үнемі жетілдіруді тиімді академиялық басқаруды жүргізуге ықпал ететін академиялық менеджмент (комитеттер мен есептілік құрылымдары) үлгісі болып табылады. Бұл құрылым университет, мектеп, бағдарлама және курс деңгейінде академиялық сапаны арттыру жөніндегі іс-шараларды іске асыру процесін тиімді басқаруға мүмкіндік береді.

8. Эрбір мектептің шенберінде функционалдық міндеттер мен комитеттерді айқындау үшін пайдаланылатын терминология осы Қағидаларда ұсынылғаннан ерекше болуы мүмкіндігін атап өткен жөн; сонда да қызметтің негізгі міндеттері мен нәтижелері дәйекті әрі келісілген болуы тиіс. 2-қосымша осы Қағидаларда пайдаланылатын терминологияны және мектептерде колданылатын балама атауларды сипаттайды.

3. Академиялық бағдарламаларды жыл сайынғы мониторингтеудің мақсаттары

9. Мониторинг жүргізудің мақсаттары:

- 1) статистикалық деректерді студенттердің оку тәжірибесін жақсарту үшін негіз ретінде үздіксіз және жүйелі түрде пайдалану;
- 2) университет шенберінде сапаны мониторингтеудің дәйекті процесін жүргізуге жәрдемдесу және туындаған проблемаларды айқындауға және шешуге бағытталған рәсімдердің жүргізілуін қамтамасыз ету;

3) НУ сапасын қамтамасыз ету мен арттырудың ішкі процестерінің пәрменділігі мен тиімділігіне қатысты куәлік беру.

4) жалпы құрылымға үйлесімді енгізілген, сыртқы бақылаудан өтетіндегі тұрақты және жеткілікті тиімді жыл сайынғы мониторинг рәсімдеріне қатысты НУ-дың ішкі және сыртқы талаптарына сай болуға жәрдемдесу (аккредиттеу, Болон процесінің қағидаттарын сақтау);

5) оқыту және бағалау әдістерінің тиімділігін, әсіресе, оқытуудың болжамды қорытындыларына қатысты бөлікте талдау;

6) олардың жоспарланған оқыту нәтижелеріне қол жеткізу дәрежесін коса алғанда, студенттердің үлгерімін қадағалау;

7) студенттерге университет сапасын арттыру рәсімдеріне үлес қостыру.

10. Мониторингте кем дегенде мына аспектілер назарга алынуы тиіс:

1) студенттердің үлгерімі мен ілгерілеуі туралы деректер;

2) оқытуышы-профессорлар құрамы және бағдарлама туралы студенттердің пікірі;

3) оқытуышы-профессорлар құрамы жүргізетін, бағдарламаға және студенттердің үлгеріміне сараптамалық шолу жасау;

4) сыртқы емтихан алушылар мен басқа да сыртқы/ішкі шолу жасаушылардың түсініктемелері.

11. Мониторинг процесі сондай-ақ әрбір бес жылда бағдарламалар директорларына барынша ұзак кезенде жиынтық және инкрементальдық өзгерістердің әсерін бағалауға, және студенттердің оку тәжірибесін одан әрі жақсарту бойынша іс-қимылдарды болжауға мүмкіндік беретін кеңейтілген шолуды (НУ-дың Академиялық сапа тұжырымдамасына сәйкес “Мерзімдік шолу”) қамтитын болады.


4. Процесті ұйымдастыру

4.1. Есептілік құрылымы

12.Академиялық сапаны жыл сайынғы мониторингте НУ-да есептіліктің төрт деңгейін, атап айтқанда: курс деңгейін, бағдарлама деңгейін, мектеп және университет деңгейін тарту арқылы жүйелі және тұрақты негізде жүргізілуі тиіс. Есептіліктің құрылымы 1-суретте келтірілген.

13. 3-5-қосымшалардағы нысандардың үлгілері есептіліктің негізгі талаптарынан тұрады, алайда жекелеген пәндердің ерекшеліктерін көрсету үшін мектептер оларды қалыптастыруы немесе бейімдеуі мүмкін. Мониторинг процесін, мәселелерді комитеттер талқылайды, іс-қимылдар тиісті деңгейде қабылданады және жоғары тұрған деңгейлерге есептілік тек келесі деңгейдегі талқылауда мәлім болатын мәселелермен ғана шектелген. Осының бәрі талқылауда мәлім болатын мәселелермен ғана шектелген.

Академиялық кеңеске бекітуге ұсынылатын НУ-дың сапасын арттырудың жыл сайынғы жоспарына енгізіледі.



1-сурет. Есептілік құрылымы

4.2. Жауапты тұлғалар мен комитеттер

4.2.1. Курс деңгейі

14. Курстарды бекіту комитеті курс деңгейіндегі мониторинг процесі шеңберіндегі іс-шараларды орындайды. Курстың оқытушылары мен ассистенттері Комитеттің жұмысына қатысулары тиіс, оның құрамында сондай-ақ студенттердің қатарынан өкілдер болуы тиіс.

15. Жекелеген курсарды оқытудың жекелеген курсарын оқыту мен академиялық дамыту үшін жауапты курсардың көшбасшылары үйлестіруге тиіс.

16. Курстардың көшбасшылары Бағдарламаны жыл сайын мониторингтеу туралы есеп толықтыратын Курсты жыл сайын мониторингтеу жөніндегі есепті (3-қосымша) дайындау үшін жауапты.

4.2.2. Бағдарламаның деңгейі

17. Эрбір оқыту бағдарламасын жекелеген оку бағдарламасын оқыту сапасын қамтамасыз ету және арттыру үшін жауапты бағдарлама директоры үйлестіретін болады.

18. Бағдарлама директоры курсардың көшбасшыларынан, және оқытушы-профессорлар құрамының басқа да мүшелерінен (оқытушы асистенттері, ИТ қызметкерлер, зертханалар мен кітапханалардың қызметкерлері), сондай-ақ студенттер өкілдерінен тұратын бағдарлама комитетін құрады.

19. Бағдарлама комитеті жылына кемінде екі рет ресми кездесуге тиіс. Комитеттің отырыстары хаттама жасалып, ал жазбалары жарияланып және мұрағатқа тапсырылуы тиіс.

20. Күзгі семестрдің басындағы отырыстың күн тәртібі модульдар/курстар мониторингі есептерін қоса алғанда, өткен оку жылының барлық деректері мен ақпаратын қарауды қамтуы тиіс. Қорытындысында, Бағдарламаны жыл сайынғы мониторингтеу туралы есеп (4-қосымша) ағымдағы оку жылында іске асыру үшін келісілген Іс-шаралар жоспарымен бірге дайындалатын болады.

21. Бағдарламаларды жыл сайынғы мониторингтеу туралы есеп қарау және тиісті іс-қимылдарды қабылдау үшін Мектептің білім беру және оқыту мәселелері жөніндегі комитетіне (немесе балама комитетке) берілетін болады.

22. Комитет отырысы содан кейін көктемгі семестрдің ортасында келісілген Іс-шаралар жоспарының іске асырылуын қарап, ресми түрде талқылауға тиіс.

4.2.3. Мектеп деңгейі

23. Мектептің білім беру және оқыту мәселелері жөніндегі комитет мектеп шеңберіндегі білім беру қызметтерінің сапасы үшін негізгі жауапкершілікті қөтереді (мектеп деканының атынан). Бұл комитетке әдетте оку ісі бойынша вице-декан басшылық етеді.

24. Мектеп Академиялық кеңестің академиялық сапа мәселелері жөніндегі комитетіне қарау және кейіннен іс-қимылдар жасау үшін академиялық сапаны арттыру бойынша мектептің жыл сайынғы есепті (5-қосымша) жібереді. Жоспар мектеп бағдарламаларының жыл сайынғы мониторингтері есептерінің қорытындысы бойынша есептерден іс-қимылдарды қысқаша мазмұндаудан тұрады.

25. Комитет сондай-ақ мектепке қабылдау, таныстыру сессиялары мен ресурстар сияқты неғұрлым кең мәселелерді қарайды, мектептің академиялық сапасын арттыру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырады.

4.2.4.Университет деңгейі


26. Академиялық сапа мәселелері жөніндегі комитет (Комитет) барлық мектептерден академиялық сапаны арттыру жөніндегі есептерді алады. Бұдан әрі олардың негізінде академиялық сапаны арттыру жөніндегі ұсынымдарды өзірлейді, олар Академиялық кеңеске бекітуге жіберілетін НУ-дың жыл сайынғы сапаны арттыру жоспарына енгізіледі.

27. Академиялық кеңес НУ-дың жыл сайынғы сапаны арттыру жоспарын алады және келісілген іс-қимылдар НУ-дың білім беру және оқыту мәселелері жөніндегі комитетінің және қажет болған жағдайда басқа да органдардың назарына жеткізілгендердің көз жеткізеді.

28. Академиялық мәселелер жөніндегі вице-провост басшылық ететін НУ-дың білім беру және оқыту мәселелері жөніндегі комитеті НУ-дың оқыту және білім беру стратегиясы, сондай-ақ НУ-дың жыл сайынғы сапаны арттыру жоспарында анықталған академиялық сапаны жақсарту жөніндегі іс-шараларды іске асыру/тарату үшін жауапты болады.

“Назарбаев Университеті”
дербес білім беру үйімі
Академиялық кеңесінің
2014 жылғы 13 26. 11
шешімімен бекітілген
Академиялық бағдарламалардың
жыл сайынғы мониторингін
жүргізу қағидаларына
1-косымша

Оқу процесін және академиялық сапаны басқарудың құрылымы



“Назарбаев Университеті”
 дербес білім беру үйімы
 Академиялық кеңесінің
2014 жылғы 15 26. 11
 шешімімен бекітілген
 Академиялық бағдарламалардың
 жыл сайынғы мониторингін
 жүргізу қағидаларына
 2-қосымша

Терминология

Құжатта пайдаланылатын белгілеулер	Мектептерде пайдаланылатын барабар белгілеулер
Оқу ісі бойынша вице-декан	Академиялық істер бойынша вице-декан; Оқыту және білім беру бойынша кауымдастырылған декан
Мектептің білім беру және оқыту жөніндегі комитеті	Мектептің Оқу жоспарының комитеті
Бағдарлама	Мамандығы
Курс	Модуль

“Назарбаев Университеті”
 дербес білім беру үйімі
 Академиялық кеңесінің
 2014 жылғы N/15 26.11
 шешімімен бекітілген
 Академиялық бағдарламалардың
 жыл сайынғы мониторингін
 жүргізу қағидаларына
 3-қосымша

Курстың жыл сайын мониторингтеу туралы есеп нысанының үлгісі

Курстың атауы және коды:	
Академиялық жыл:	
Модуль/курс көшбасшысы:	
Оқытын студенттердің саны:	

1. Откен жыл ішіндегі есепте көрсетілген проблемалық мәселелерге (қабылданған іс-кимылдарға) дең **кою**
.....
2. Модульді/курстың бағалау статистикасына түсініктеме:
Бағаларды бөлу (орташа мәні, стандарттың бас тарту), үлгермеушілердің саны, курс барысындағы жұмыс бағалары мен емтихан бағаларын салыстыру.
3. Студенттердің жұмыс сапасы туралы түсініктеме:
4. Қолданылатын оқыту әдістерінің тиімділігі туралы түсініктемелер:
5. Студенттер көтерген проблемалық мәселелер және олар қалай шешілді:
6. Сыртқы емтихандың алушылар/әріптес сарашылар анықтаған проблемалық мәселелер және олар қалай шешілді:
7. Анықталған жақсы іс тәжірибе үлгілері:
8. Оқыту курсының желесі цикліне жоспарланған жақсартулар:
9. Бағдарлама директорының түсініктемелері:

“Назарбаев Университеті”
 дербес білім беру үйымы
 Академиялық кеңесінің
 2014 жылғы №18 26. 11
 шешімімен бекітілген
 Академиялық бағдарламалардың
 жыл сайынғы мониторингін
 жүргізу қағидаларына
 4-қосымша

Бағдарламаны жыл сайын мониторингтеу туралы есеп нысанының үлгісі

Бағдарламаның атауы және коды:	
Академиялық жыл:	
Бағдарлама директоры:	
Бағдарламаға оқуға қабылданған студенттердің саны:	

1. Алдыңғы жыл ішіндегі есепте анықталған проблемаларды шешу және жоспарланған іс-кимылдар:

Оқытудағы, бағалаудағы немесе студенттерді оқытууды қолдаудағы, оқыту нәтижелерін қалыптастырудады және бағдарлама ерекшеліктеріндегі өзгерістер, сондай-ақ осы өзгерістердің енгізу кезінде сыртқы сарапшылардың пікірі қалай назарға алынғаны туралы түсініктемелер.

2. Ұсынылған статистикалық деректерге қатысты түсініктемелер

Бағдарламаның жетістігі, аяқталуы, бағаларды бөлу, оқытууды зерттеу, статистикалық деректер үрдістері, департаменттердің өзекті проблемалары.

3. Сыртқы емтихан алушылар/әріптестер анықтаған проблемалық мәселелер және олар қалай шешілді:

4. Сауалнама барысында анықталған және студенттердің қызығушылығын тудырган бағдарлама мен курстарға қатысты негізгі проблемалық мәселелер:

5. Оқытушы-профессорлар құрамының студенттермен байланыстары бойынша комитеттер арқылы жүргізілген ішкі зерттеулер:

6. Оқыту: Департаменттен тыс алынған курстарға қатысты студенттердің тәжірибесі туралы түсініктемелер.

7. Бірлескен бағдарламаларды қамтамасыз ету бойынша әріптестікті іске асырудың барысында нақты қандай проблемалар кездестірілді және олар қалай шешілді?

8. Кәсіптік үйымдардың, мемлекеттік мекемелер мен тиісті индустриядағы үйымдардың академиялық процеске қосқан үлесі:

9. Анықталған жақсы іс тәжірибе үлгілері:

.....

10. Осы бағдарламаның келесі оқытушылық цикліне жоспарланған жақсартулар:

.....

11. Оку ісі бойынша вице-деканның түсініктемелері:

.....

“Назарбаев Университеті”
 дербес білім беру үйімі
 Академиялық кеңесінің
 2014 жылғы №15 26.11
 шешімімен бекітілген
 Академиялық бағдарламалардың
 жыл сайынғы мониторингін
 жүргізу қағидаларына
 5-қосымша

Мектептің академиялық сапасын арттыру туралы есеп нысанының үлгісі

Мектептің атауы:	
Бағдарламаның атауы мен коды:	
Академиялық жыл:	

- 1. Алдыңғы жыл сайынғы мониторингтеу процесінде туындаған іс-кимылдардың мәртебесін жаңарту:**
 Аталған проблемалар мен оларды шешу үшін қабылданған іс-кимылдарды атап көрсетініздер
- 2. Бағдарламаның мақсаттары мен оқыту нәтижелері:**
 Бағдарламаны оқыту мақсаттары мен нәтижелерін қалыптастыруды мониторинг нәтижелерінен туындаған кез келген өзгерістерді көрсетініз
- 3. Оқу жоспары және оның орындалуы:**
 Курстарға және бағдарламаларға қабылданған өзгерістердің қыскаша шолуы мен негізdemесін ұсыныңыз.
- 4. Бағалау:**
 Бағдарламаны оқытудың жоспарланған нәтижелерін негұрлым тиімді бағалауға бағытталған бағалау түрлеріне енгізілген өзгерістер.
- 5. Студенттердің үлгірімі**
 Оқыту аяқталған және студенттер жетілдірілген кездегі статистикалық деректерді талдаудан туындастын проблемаларды шешу үшін ұсынылатын шаралар.
- 6. Университет деңгейі проблемасы:**
 Университет қарауға тиіс бағдарламаларды жыл сайынғы мониторингтеуден туындаған проблемаларды нақты баянданыңыз
- 7. Сыртқы шолу есептері**
 Сыртқы емтихан алушылар мен басқа да шолу жасаушылардың баяндамаларын жинақтаңыңыз және Мектеп ұсынылған деректерге қалай ден койды.

1. Студенттермен көрі байланыс:

Мектеп шегіндегі оқу қызметінің тәжірибесіне, әсіресе білім беру және оқыту бөлігіне қатысты студенттердің түсініктемелерін ұсыныңыз.

2. Басқа түсініктемелер: